

№ 46 Абай атындағы жалпы білім беретін орта мектеп КММ
1928 жылы Буденный атындағы бастауыш мектеп болып ашылған.

1930-1932 жылдары мектеп Ақпанбетов Сапақтың үйінде орналасып, бесінші сыныпқа дейін балаларды оқытқан. Мектеп 1938 жылы Буденный колхозының орталығына көшіріліп, жеті жылдық болып ашылған мектепті

Ы. Әзбенев басқарып, Қайрақбаев Н.Смайлов І.Төлемісов, Мыңбаев, Өтегенов сынды мұғалімдер ұстаздық еткен.

1941 жылы «Бейнет» колхозының орталығына, 1943 жылы «Қоңыртөбе» колхозының орталығына көшіріліп 1946 жылы Буденный атындағы жеті жылдық мектеп, 1967 жылы Абай атындағы орта мектеп болып өзгертілді.

1976 жылы жаңа жобадағы типті мектеп ғимараты салынып, сонда көшірілді.

Мектепті әр жылдары Ы. Әзбенев, Т.Ахметов, О. Есімов, Р.Әлімбекова, Е.Рысбаев, М.Миржанов басқарса, қазіргі уақытта мектеп директоры қызметін ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, іскер маман Рысбаев Бақытжан Оспанович атқарып келеді.

Мектепте мыңнан астам оқушы білім алуда. Басты мақсат – болашақ ұрпақтың сапалы білім мен саналы тәрбие алып, бәсекеге қабілетті қоғамның толыққанды мүшесін қалыптастыру болса, әр жылы мектеп бітіруші түлектер ҰБТ-да жоғары балл жинап, жоғары білім сапасын көрсетіп, жоғары оқу орындарына мемлекеттік грантқа түседі. Мектеп оқушылары - аудан, облыс, республика көлемінде өткізілетін түрлі байқаулар мен спорт сайыстарының жеңімпаздары. Бұл да мектептегі оқу мен тәрбие ісінің дұрыс жолға қойылғандығының кепілі.

Мектеп тарихы тереңге тамыр жайып, жемісін салған алып бәйтеректей білім ошағына айналуда. Жас жеткіншектеріміздің жарқын болашағы үшін, мемлекетіміздің тарапынан жаңа ғимарат пайдалануға беріліп отыр. Жас ұрпаққа кемел білім беретін мектептің жаңа ғимаратының да талапқа сай жабдықталуына, гүлденуіне Рысбаев Бақытжан басшылығымен мектеп мұғалімдері өз үлесін қосып, оқушы білімінің жоғары деңгейге жетуіне бар күш-жігерлерін аямайды.